

«Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ-нің 16 .04.2025 жыл №5 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы

Өтетін уақыты: 09:00

Қатысқандар: 20

Кеңес төрайымы: Жумагулова Г.А

Күн тәртібінде:

1. «Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ-нің 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы

Тыңдалды:

Екпетал мектеп-балабақшасының директоры Гулнур Амангелдиевна Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) Оқыту және білім беру;
- 3) Білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Екпетал мектеп-балабақшасы қызметіне өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:

- 1) Оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне ;
- 3) Білім алушылардың және тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;
- 4) Оқу мерзіміне сәйкестігін талдау;
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы

Зтамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министірінің 2022 жылы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша №6 педагогикалық кеңесте қаулы қабылданды:

ҚАУЛЫ:

- 1.Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «Екпетал мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2025 жылдың 07.04-30.04 аралығы болып бекітілсін.
- 3.Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін құрылған жауапты комиссия өз жұмысын уақытында орындасын.
- 4.ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.
- 5.Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы



Жумагулова Г.А

Сисенбаева М.К